# "Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыратын түрлі дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының тізбесін және олардың қызмет қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 136 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 31 мамырда № 13753 болып тіркелді

«Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 47) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыратын түрлі дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының тізбесін және олардың қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10012 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары түрлерінің тізбесін және олардың қызметі қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақта:

2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, мүгедектерге арналған спорт мектептерінің қызметі қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын Олимпиада резервін даярлау орталығының қызметі қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын Олимпиадалық даярлау орталығының қызметі қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын жоғары

спорт шеберлігі мектептерінің қызметі қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын балалар мен жасөспірімдердің дене даярлығы клубтарының қызметі қағиидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу жиыны процесі жүзеге асырылатын спорт клубтарының, мүгедектерге арналған спорт клубтарының қызметі қағидалары;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын кәсіпқой спорт клубтарының қызметі қағидалары;»;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы бұйрыққа 8-1-қосымшаға сәйкес Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының қызметі қағидалары.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, мүгедектерге арналған спорт мектебі.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Спорт клубы, мүгедектерге арналған спорт клубы.»;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды оқу-жаттығу жиыны процесінде даярлауда жүзеге асырылатын балалар-жасөспірімдер спорт мектептері қызметінің қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, мүгедектерге арналған спорт мектептерінің қызметі қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, мүгедектерге арналған спорт мектептерінің қызметі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, мүгедектерге арналған спорт мектептерінің (бұдан әрі – спорт мектептері) қызметі тәртібін анықтайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне мамандандырылмаған

балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері жатады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) резервтік құрам – спорт түрлері бойынша бөлімшілердің негізгі топтарының құрамына кірмеген, бірақ осы мектептің жаттықтырушы-оқытушыларының басшылығымен шұғылданатын спортшылар;

2) спорттық нормативтері – орындалуы тиісті топқа ауысу үшін негізгі шарт болып табылатын оқушылардың спорт түрлерінен белгілі бір спорттық жаттығуларды орындауын есепке ала отырып, спорт мектептерінің оқушыларына қойылатын бақылау-ауыстыру талаптары;

3) тұрақты құрам – спорт мектебінің контингентіне директордың бұйрығымен қабылданған спортшылар.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Оқушыларды қабылдау, ауыстыру, оқудан шығару және олардың оқуды бітіруі жаттықтырушы-оқытушының оқушыға ұсынымы бойынша спорт мектебі директорының бұйрығымен ресімделеді.»;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Спорт түрлері бойынша алғашқы даярлау топтарына қабылдау үшін оқушылардың жасы осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес айқындалған.»;

12-тармақтың 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы топтарға арналған және спорт мектебінің директоры бекіткен спорттық нормативтерді орындаған жағдайда жүзеге асырылады.»;

13 және 14-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Спорттық нормативтерді тапсырмаған оқушылар келесі топтарға ауыстырылмайды. Осы оқушылар спорт мектебі педагогикалық кеңесі шешімінің негізінде осы даярлау кезеңінде бір реттен артық емес оқу жылында қайтадан оқуды жалғастырады.

14. Тиісті оқу жылының спорттық нормативтерді орындаған, бірақ келесі оқу жылындағы топқа ауысу үшін белгіленген жасқа жетпеген оқушылар, педагогикалық кеңестің шешімімен мерзімінен бұрын ауыстырылады.»;

19-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) көшпелі оқу-жаттығу жиындарындағы және көшпелі емес оқу-жаттығу жиындарындағы оқу-жаттығу сабақтары;»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуға жіберілген спорт мектептерінің командалары мен оқушыларын дайындау үшін спорт мектептері

қаржыландыру шегінде тікелей осы елді мекенде орналасқан оқу-жаттығу жиындарында өтетін ұзақтығы он сегіз күнтізбелік күнге дейін облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жарыстарға, ұзақтығы жиырма бір күнтізбелік күнге дейін республикалық және ұзақтығы жиырма төрт күнтізбелік күнге дейін халықаралық жарыстарға көшпелі оқу-жаттығу жиындары мен жиындар, сондай-ақ жарыс маусымы аяқталған соң қалпына келтіру жиындарын өткізеді, олардың жалпы саны жылына жүз елу күнтізбелік күннен аспауы тиіс.»;

26 және 27-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Бір сабақтың ұзақтығы:

1) спорттық-сауықтыру топтарында және алғашқы даярлау топтарында - екі-үш академиялық сағаттан аспауы тиіс;

2) оқу-жаттығу топтарында аптасына кемінде төрт рет сабақ өткізу кезінде - үш-төрт академиялық сағаттан аспауы тиіс, аптасына жиырма сағат және одан да көп жүктемесі бар топтарда – төрт академиялық сағаттан аспауы тиіс, күніне екі рет жаттығу сабағы болған кезде – үш академиялық сағаттан аспауы тиіс;

3) спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарында – төрт академиялық сағаттан аспауы тиіс.»;

27. Оқу-жаттығу топтарында, спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарында сабақты спорт түрі бойынша негізгі жаттықтырушы-оқытушы жүргізеді.

Оқу-жаттығу процесінде көмек көрсету үшін қосымша жаттықтырушы-оқытушы тартылады. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес бірінші топқа енгізілген спорт түрлерінде аралас спорт түрлері бойынша, жалпы дене шынықтыру дайындығы бойынша жаттықтырушы-оқытушылар, сонымен қатар, жаттықтырушы-кеме жүргізуші , жаттықтырушы-кеңесші, жаттықтырушы-сервисмен, жаттықтырушы-майлаушы, жаттықтырушы-техник, жаттықтырушы-дәрігер, жаттықтырушы-механик, жаттықтырушы-қару-жарақ жасақтаушы, мал дәрігері, зоотехник, ұста, ат бағушы, әбзелші, жылқышы, жаттықтырушы-массажшы, нұсқаушы-берейтор (бессайыс), хореограф, аккомпониатор, психолог, сервисмен-конькиді қайраушы, сервисмен-шаңғы майлаушы тартылады.

Спорт мектебінің директоры, директордың орынбасары және нұсқаушы-әдіскер тиісті жоғары кәсіптік білімі және біліктілік санаты болған кезде жаттықтырушы-оқытушылық жұмысты жүргізеді. Бұл ретте жаттықтырушы-оқытушылық жұмыс үшін төлем 0,5 ставкадан аспауы тиіс.»;

29, 30 және 31-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Спорт мектептерінің құрылымында тұрақты және резервтік құрам болады.

30. Республикалық мәртебесі бар спорт мектебіндегі оқушылар контингентін, оқу топтарының санын, оқу сағаттарының жылдық есебін және штаттық кестені жыл сайын бірінші қыркүйектен кешіктірмей дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісім бойынша спорт мектебінің директоры

бекітеді.

Облыстық, қалалық және аудандық мәртебесі бар спорт мектебіндегі оқушылар контингентін, оқу топтарының санын, оқу сағаттарының жылдық есебін және штаттық кестені жыл сайын бірінші қыркүйектен кешіктірмей дене шынықтыру және спорт саласындағы тиісті жергілікті атқарушы органмен (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) келісім бойынша спорт мектебінің директоры бекітеді.

Спорт түрлері бойынша бірінші оқу жылының алғашқы даярлау топтарын жасақтау күнтізбелік жылдың бірінші қазанына дейін жүргізіледі.

31. Оқу-жаттығу жұмысының тәртібі және топтардың толықтырылуы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалған.

Мүгедектер арасындағы оқу-жаттығу жұмысының тәртібі және топтардың толықтырылуы осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес айқындалған.

Жаттықтырушы-оқытушылар бастауыш даярлықтың резервтік тобын жасақтайды, оның саны спорт түрі бойынша алғашқы оқу жылының алғашқы даярлық тобындағы оқушылардың санынан кемінде 50%-ын құрайды. Жаттықтырушы-оқытушылар алғашқы даярлықтың резервтік топтарындағы оқушылардың саны туралы ай сайын есеп жасайды.

Спорттық және би жұптары үшін мәнерлеп сырғанаудан спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарында оқушылардың саны төрт адамды құрайды.»;

32-тармақ алып тасталсын;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Спорт мектептерінің жоғары спорт шеберлігі топтарына ойын спорты түрлерінен, көкпардан, коньки спортынан, шорт-тректен, жеңіл атлетикадан «Спорт шеберіне үміткер» разрядын, ал қалған спорт түрлерінде «Қазақстан Республикасының спорт шебері» дәрежесінен төмен емес атақ алған оқушылар ауыстырылады.

Спорт мектептерінің спорттық жетілдіру топтарына ойын спорты түрлерінен, көкпардан, коньки спортына және жеңіл атлетикадан бірінші спорттық разряд, ал қалған спорт түрлерінде «Спорт шеберіне үміткер» дәрежесін алған оқушылар ауыстырылады.

Спорт мектептерінің оқу-жаттығу топтарына алғашқы даярлық кезеңінде кемінде бір оқу жылында оқыған оқушылары қабылданады.»;

35-тармақтың 2) тармақшысы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) оқу-жаттығу топтарында – топ құрамының тұрақтылығы, жалпы және арнайы дене дайындығының нормативтік көрсеткіштерін орындауын, спорттық жарыстарда қол жеткізген нәтижелерін және кемінде екінші жасөспірімдік спорттық разрядының болуын, түлектер арасынан спорт төрешілерін дайындауды есепке алып;»;

39-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жаттықтырушылар кеңестерінде бөлімшелердің аға жаттықтырушы-оқытушыларының басшылығымен айына бір реттен кем емес

оқу-жаттығу, тәрбие жұмысы, оқушыларды даярлаудың жеке жоспары, жарыстарға қатысу мәселелері қарастырылады, спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың жаттығу процесі, кейіннен оларды талқылай және жұмыс тәжірибесімен алмаса отырып , ашық жаттығу сабақтарын өткізу әдістемелерін жетілдіру жөніндегі хабарламалар мен баяндамалар тыңдалады.»;

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мынадай редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мынадай редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын Олимпиада резервін даярлау орталығының қызметі қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«1. Осы Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын Олимпиада резервін даярлау орталығының қызметі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – Жергілікті орган) құратын Олимпиада резервін даярлау орталықтарының (бұдан әрі – Орталық) қызметі тәртібін айқындайды. »;

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) аға жаттықтырушы – спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар құрамына жалпы басшылықты жүзеге асыратын және оқу-жаттықтырушылық қызметпен тікелей айналысатын спорт жаттықтырушысы;

2) ауыспалы құрам – Орталық құрамына қабылданған, оқу-жаттығу жиындары мен жарыстар кезінде тартылатын спортшылар құрамы;

3) жеке жаттықтырушы – дене шынықтыру және спорт саласында білімі бар және спортшының оқу-жаттығу процесі мен жарысушылық қызметінің барысында оның жеке дайындығын жүзеге асыратын, өзі даярлайтын спортшыға барынша көңіл бөлетін жеке тұлға;

4) оқу-жаттығу жиыны – спортшылардың спорттық шеберлігін және оқу-жаттығу процесінің сапасын арттыру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шара;

5) спорт түрі – спорттың құрамдас бөлігі, оның ерекше белгілері жаттығатын ортасы, дене жаттығуларының жиынтығы немесе зияткерлік қабілеті мен жарыс ережелері болып табылады;

6) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесі – Орталықтың күнтізбелік жылға арналған оқу-жаттығу жұмысын жоспарлауды және өткізуді регламенттейтін ресми құжат;

7) халықаралық жарыстар – кемінде бес мемлекеттің өкілдері қатысатын спортшылар (командалар) арасындағы спорт түрінен сайыстар.»;

8-тармақтың 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«6) кешенді ғылыми топтар, қалпына келтіру және емдеу кабинеттерін құру;

7) семинарлар, кеңестер, конференциялар өткізу;

8) Қазақстан Республикасының және өзге елдердің басқа мамандарын шарт негізінде жұмысқа тарту;

9) бірлескен оқу-жаттығу жиындарына жасөспірімдер, жеткіншектер және жастар жасындағы шетелдік спортшылар мен мамандарды жұмысқа қабылдау;

10) спортшылармен және жаттықтырушылармен, оның ішінде Жергілікті органмен келісім бойынша шетелдік жаттықтырушылармен шарт жасасу;

11) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесіне сәйкес спортшылардың, жаттықтырушылардың және Орталықтың басқа да қызметкерлерінің халықаралық және республикалық спорттық жарыстарға, оқу-жаттығу жиындарына қатысуын қамтамасыз ету.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Спортшылардың, жаттықтырушылардың (спорт түрлері бойынша бөлімшелер) құрамы, спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесі Жергілікті органның келісімі бойынша Орталық басшысымен жыл сайын жазғы спорт түрлері бойынша 20 қаңтарға дейін, қысқы спорт түрлері бойынша 20 мамырға дейін бекітіледі.»;

30-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бір жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесі;»

қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын Олимпиадалық даярлау орталығының қызметі қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«1. Осы Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын Олимпиадалық даярлау орталығының қызметі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – Уәкілетті орган) құратын Олимпиадалық даярлау орталықтарының (бұдан әрі – Орталық) қызметі тәртібін айқындайды.»;

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) аға жаттықтырушы – спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар құрамына жалпы басшылықты жүзеге асыратын және оқу-жаттықтырушылық қызметпен тікелей айналысатын спорт жаттықтырушысы;

2) ауыспалы құрам – Орталық құрамына қабылданған, оқу-жаттығу жиындары мен

жарыстар кезінде тартылатын спортшылар құрамы;

3) жеке жаттықтырушы – дене шынықтыру және спорт саласында білімі бар және спортшының оқу-жаттығу процесі мен жарысушылық қызметінің барысында оның жеке дайындығын жүзеге асыратын, өзі даярлайтын спортшыға барынша көңіл бөлетін жеке тұлға;

4) оқу-жаттығу жиыны – спортшылардың спорттық шеберлігін және оқу-жаттығу процесінің сапасын арттыру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шара;

5) спорт түрі – спорттың құрамдас бөлігі, оның ерекше белгілері жаттығатын ортасы, дене жаттығуларының жиынтығы немесе зияткерлік қабілеті мен жарыс ережелері болып табылады;

6) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесі – Орталықтың күнтізбелік жылға арналған оқу-жаттығу жұмысын жоспарлауды және өткізуді регламенттейтін ресми құжат;

7) халықаралық жарыстар – кемінде бес мемлекеттің өкілдері қатысатын спортшылар (командалар) арасындағы спорт түрінен сайыстар.»;

8-тармақта:

6), 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесіне сәйкес спортшылардың, жаттықтырушылардың және Орталықтың басқа да қызметкерлерінің халықаралық спорттық жарыстарға, Қазақстандағы оқу-жаттығу жиындарына қатысуын қамтамасыз етеді;

7) спортшылармен және жаттықтырушылармен, оның ішінде уәкілетті органмен келісім бойынша шетелдік жаттықтырушылармен спорттық қызмет туралы шарттар жасасады;»;

12) тармақша алып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Спортшылардың, жаттықтырушылардың (спорт түрлері бойынша бөлімшелер) құрамын, спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесі Уәкілетті органның келісімі бойынша Орталық басшысымен жыл сайын жазғы спорт түрлері бойынша 20 қаңтарға дейін, қысқы спорт түрлері бойынша 20 мамырға дейін бекітіледі.»;

30-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бір жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесі;»;

қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын жоғары спорт шеберлігі мектептерінің қызметі қағидаларында:

1-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт резервін және жоғары дәрежелі

спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын балалар мен жасөспірімдердің дене даярлығы клубтарының қызметі қағидаларында:
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу жиыны процесі жүзеге асырылатын спорт клубтарының қызметі қағидасында:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын спорт клубтарының, мүгедектерге арналған спорт клубтарының қызметі қағидалары»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Осы Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын спорт клубтарының, мүгедектерге арналған спорт клубтарының қызметі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) спорт клубтарының, мүгедектерге арналған спорт клубтарының (бұдан әрі - клубтар) қызметі тәртібін айқындайды.»;
3-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:
«5) мүгедектер арасында жоғары спорт жетістіктерін дамыту.»;
6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Спорт түрлері бойынша клубтардың қызметі:
1) дене шынықтыру мен спорттың бұдан әрі дамуын жоспарлау;
2) өз қызметі туралы ақпаратты тарату;
3) спорттық-бұқаралық спорттық жарыстардың, спартакиадалардың және басқа да дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын қаржыландыруды жүзеге асыру;
4) клубтар жылына кемінде екі рет отырыстар өткізеді, оларда дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу қорытындыларын шығарумен, комиссиялардың, секциялардың, топтардың есептері мен жұмысы талқыланады, сондай-ақ клубтардың қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қарастырылады.
6. Клубтарды ұйымдастыру мен қызметіне басшылық ету өздерінің жарғыларына сәйкес жүзеге асырылады.»;
4-тараудың тақырыбы және 8-тармағы алып тасталсын;
осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын кәсіпқой спорт клубтарының қызметі қағидаларында:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Осы Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын кәсіпқой спорт клубтарының қызметі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) кәсіпқой спорт клубтарының (бұдан әрі - клубтар)

қызметі тәртібін айқындайды.»;

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Спорт түрлері бойынша кәсіптік клубтар мына мақсаттарда құрылады:

1) Қазақстан Республикасында жоғары жетістіктер спортын дамыту;

2) спорттық, олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық қозғалыстарды дамыту;

3) халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау.»;

7-тармақта:

7), 8), 9), 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«7) халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес спорттық бірлестіктерге кіру;

8) спорт жарыстарын, оқу-жаттығу жиындарын, басқа да спорт іс-шараларын қаржыландыруды жүзеге асыру;

9) спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар кеңесі, төрешілер алқасының қоғамдық комиссиясын құру және жұмысын ұйымдастыру;

10) спортшыға, жаттықтырушыға және клубтың өзге де маманына спорттық қызмет туралы жасалған шартқа сәйкес төлемдерді уақтылы төлеу;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) спорттық жарақатқа байланысты спортшының, жаттықтырушының және клубтың басқа да қызметкерінің спорттық қызметі уақытша тоқтатылған кезеңде спорттық қызмет туралы шартта көзделген төлемдерді жүзеге асыру;»;

осы бұйрыққа 11-қосымшамен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данадағы көшірмесін қоса бере отырып, электрондық тасығышта осы бұйрықтың көшірмелерін Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялау үшін жолдауды;

3) осы тіркелген бұйрықты алған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде, баспа және электрондық түрде, елтаңбалы мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған оның көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күн ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан

Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы*

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2016 жылғы 19 мамырдағы
№ 136 бұйрығына
1-қосымша
Спорт резервін және жоғары дәрежелі
спортшыларды даярлау жөніндегі
оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын
балалар-жасөспірімдер спорт мектептері,
мүгедектерге арналған спорт мектептері
қызметі қағидаларына
1-қосымша
Нысан

## Спортшының жеке карточкасы

Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған кезде) ____ Туған жылы, айы, күні ___
Спорт түрі ______________________________________________
Спортпен шұғылдану сабақтарының басталған жылы, айы ________________
Спорт мектебі ___________________________________________
Спорт қоғамы ______________________________ Қала _____________________

1-кесте

| Топтар | Оқу жылы | Тексерілген күні | Физикалық дамуы | | | | | | | Медициналық қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бойы | салмағы | табанының ұзындығы | саусақтарды жұму күші | ӨӨК | ОЕП Мл/мин | ОЕП Мл / мин/кг | |
| Спорт мектеп қабылданған кездегі бастапқы мәліметтер: | | | | | | | | | | |
| Алғашқы даярлық | 1 | | | | | | | | | |
| | 2 | | | | | | | | | |
| | 1 | | | | | | | | | |
| | 2 | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу-жаттығу | 3 | | | | | | | | | |
| | 4 | | | | | | | | | |
| | 5 | | | | | | | | | |
| Спорттық жетілдіру | 1 | | | | | | | | | |
| | 2 | | | | | | | | | |
| | 3 | | | | | | | | | |
| Жоғары спорт шеберлігі | Барлық кезең | | | | | | | | | |

Аббревиатуралардың толық жазылуы:
ӨӨК – өкпенің өмірлік көлемі;
ОЕП – оттегін ең көп пайдалану.
Мл – миллилитр;
Мин – минут;
Кг – килограмм.

2-кесте

| Топтар | Оқу жылы | ЖДД | | | | | | | | АД | Үздік спорттық көрсеткіш | Бәсекелестік қызметі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 30 м жүгіру | 6 мин. жүгіру | 10 сек. жүгіру | 3*10 м айналма жүгіру | Орнында тұрып ұзындыққа секіру | Тартылу | Допты отырып лақтыру 2 кг | Абалаков бойынша жоғарыға секіру | | | Жарыстар саны | Се са |
| Бастапқы мәліметтер: | | | | | | | | | | | | | |
| Алғашқы даярлық | 1 | | | | | | | | | | | | |
| | 2 | | | | | | | | | | | | |
| Оқу-жаттығу | 1 | | | | | | | | | | | | |
| | 2 | | | | | | | | | | | | |
| | 3 | | | | | | | | | | | | |
| | 4 | | | | | | | | | | | | |
| | 5 | | | | | | | | | | | | |
| Спорттық жетілдіру | 1 | | | | | | | | | | | | |
| | 2 | | | | | | | | | | | | |
| | 3 | | | | | | | | | | | | |
| Жоғары спорт шеберлігі | Барлық кезең | | | | | | | | | | | | |

Келесі даярлық кезеңіне өту және мектепті бітіру туралы белгілер:
оқу-жаттығу топтарына ________________________________________;
спорттық жетілдіру топтарына ____________________________________;

жоғары спорт шеберлігі топтарына ______________________________;
бітіру ______________________________;
Жаттықтырушы-оқытушы ______________________________;
Аға жаттықтырушы-оқытушы ______________________________.
Аббревиатуралардың толық жазылуы:
ЖДД – жалпы дене дайындығы.
АД – арнайы даярлық.
Сек – секунд;
М – метр;
Мин – минут;
Кг – килограмм.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2016 жылғы 19 мамырдағы
№ 136 бұйрығына
2-қосымша
Спорт резервін және жоғары дәрежелі
спортшыларды даярлау жөніндегі
оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын
балалар-жасөспірімдер спорт мектептері,
мүгедектерге арналған спорт мектептері
қызметі қағидаларына
1-1-қосымша
Нысан

## Спорт түрлері бойынша алғашқы даярлау топтарына қабылдау үшін балалардың жастары

| № | Спорт түрі | Жас |
|---|---|---|
| 1. | Мәнерлеп сырғанау | 4-5 жас |
| 2. | Спорттық гимнастика, көркем гимнастика, теннис, шайбалы хоккей | 5-8 жас |
| 3. | Акробатика, спорттық би, гольф, үстел теннисі, бадминтон | 6-8 жас |
| 4. | Су шаңғы спорты, гандбол, жүзу, суға секіру, батуттта секіру, синхрондық жүзу, ушу, фристайл, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, каратэ спортының түрлері, су добы, желкен спорты, спорттық бағдарлау, спорттық құзырға өрмелеу | 7-9 жас |
| 5. | Қалашық спорт, футбол, спорт туризмі, семсерлесу, таэквондо | 8-10 жас |
| 6. | Баскетбол, бейсбол, биатлон, волейбол, коньки тебу спорты, жеңіл атлетика, шаңғы жарысы, шаңғы екісайысы, тұғырдан шаңғымен | 9-11 жас |

| | | |
|---|---|---|
| | секіру, регби, көкалдағы хоккей, допты хоккей, шорт-трек, қазақ күресі, самбо, есу слаломы | |
| 7. | Атлетизм, бильярд спорты, бокс, велоспорт, еркін күрес, грек-рим күресі, гір спорты, академиялық есу, байдарка мен каноэде есу, дзюдо, кикбоксинг, муайтай (тай-бокс), шана спорты, қазіргі бессайыс (биатл, триатл), триатлон, ауыр атлетика (жасөспірімдер), ат спорты, ат спортының ұлттық түрлері | 10-12 жас |
| 8. | Мүгедектер арасында дамып келе жатқан бүкіл спорт түрлері | 7-11 жас |
| 9. | Саят (құсбегі) – аң аулауға шығу | 10-13 жас |
| 10. | Садақтан ату | 11-13 жас |
| 11. | Стенд ату, нысана көздеу | 12-14 жас |
| 12. | Ауыр атлетика (әйел жынысы) | 13-14 жас |

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2016 жылғы 19 мамырдағы
№ 136 бұйрығына
3-қосымша
Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, мүгедектерге арналған спорт мектептері қызметі қағидаларына
2-қосымша
Нысан

## Спорт мектебінің картасы

Орналасқан жері ____________________, жабдықтар ____________________, Спорт түрі (түрлері) ____________, ашылған жылы Жинақтау __________

1-кесте

| Даярлау кезеңдері | Оқу жылы | Оқушылардың, оқу топтардың саны | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 201___ж. | | 201___ж. | | 201___ж. | | 201___ж. | |
| | | топтар | оқушылар | топтар | оқушылар | топтар | оқушылар | топтар | оқушылар |
| Алғашқы | 1 | | | | | | | | |
| | 2 | | | | | | | | |
| Оқу-жаттығу | 1 | | | | | | | | |
| | 2 | | | | | | | | |
| | 3 | | | | | | | | |
| | 4 | | | | | | | | |
| | 5 | | | | | | | | |
| | 1 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Спорттық жетілдіру | 2 | | | | | | | | |
| | 3 | | | | | | | | |
| Жоғары спорт шеберлігі | Барлық кезең | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | | |

## Оқушылардың сапалық құрамы (біліктілігі)

2-кесте

| Оқушылардың жасы | Халықаралық дәрежедегі спорт шебері | | | | Спорт шебері | | | | Спорт шеберіне үміткер | | | | 1 спорттық разряд | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 201_ ж. | 201_ ж. | 201_ ж. | 201_ ж. | 201 _ж. | 201 _ж. | 201 _ж. | 201 _ж. | 201 _ж. | 201 _ж. | 201_ _ж. | 201_ ж. | 201 _ж. | 201_ ж. | 201_ _ж. | 201__ ж. |
| | | | | | | | | | | | | | | | | |

## Спорт резервін даярлау

3-кесте

